

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

Аралық қысқартылған шоғырландырылған
қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

*2021 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша
осы күні аяқталған үш және тоғыз ай үшін*

МАЗМҰНЫ

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

Қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есеп	1-2
Жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есеп	3-4
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есеп	5-6
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есеп	7-8
Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер (аудит жүргізілмеген)	9-49

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескерт.	2021 жылғы 30 қыркүйек (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	6	13.960.791	13.703.885
Материалдық емес активтер	7	1.971.655	2.022.024
Барлау және бағалау бойынша активтер	8	298.868	367.393
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		40.250	40.560
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	9	5.537.720	4.985.676
Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек		356.448	366.830
Кредиттік мекемелердегі қаражат	10	113.946	135.315
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер		77.150	79.267
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері	11	623.292	614.382
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	12	515.154	447.907
		23.495.274	22.763.239
Қысқа мерзімді активтер			
Қорлар	13	721.262	626.363
Өтелуге жататын ҚҚС		194.896	256.319
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		87.415	97.503
Сауда дебиторлық берешек	14	758.023	667.107
Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек		57.550	55.406
Кредиттік мекемелердегі қаражат	10	689.946	354.257
Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері	11	369.230	188.427
Өзге де қысқа мерзімді активтер	14	217.916	184.769
Ақша қаражаты және оның баламалары	15	2.553.879	2.227.669
		5.650.117	4.657.820
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған ретінде жіктелген активтер	5	49.716	61.787
		5.699.833	4.719.607
Активтердің жиыны		29.195.107	27.482.846

9-49-беттердегі ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің
(аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(жалғасы)**

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескерт.	2021 жылғы 30 қыркүйек (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Капитал және міндеттемелер			
Бас компанияның Акционеріне тиесілі капитал			
Жарғылық капитал	16.1	5.268.580	5.258.657
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		1.818.396	1.763.499
Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві		31.967	31.464
Хеджирлеу резерві		(55.977)	(60.416)
Өзге де күрделі резервтер		(16.984)	(16.984)
Бөлінбеген пайда		7.742.551	6.502.544
		14.788.533	13.478.764
Бақыланбайтын қатысу үлесі		1.774.199	1.672.851
Капитал жиыны		16.562.732	15.151.615
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	17	6.568.411	6.608.990
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	18	574.686	562.449
Жалдау бойынша міндеттемелер	20	396.750	396.441
Резервтер		393.904	386.921
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер		1.248.184	1.143.256
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		121.663	120.943
Мұнайды жеткізу шарттары бойынша міндеттемелер	19	-	185.680
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	21	216.712	138.085
		9.520.310	9.542.765
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	17	1.019.945	850.210
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	18	13.250	30.773
Жалдау бойынша міндеттемелер	20	126.584	118.878
Резервтер		82.420	80.980
Жұмыскерлерге сыйлықақылар бойынша міндеттемелер		12.011	14.051
Төленуге жататын корпоративтік табыс салығы		52.668	10.567
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	22	845.682	828.258
Мұнайды жеткізу шарттары бойынша міндеттемелер	19	-	97.882
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	22	957.113	752.031
		3.109.673	2.783.630
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған ретінде жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер	5	2.392	4.836
		3.112.065	2.788.466
Міндеттемелер жиыны		12.632.375	12.331.231
Капитал мен міндеттемелер жиыны		29.195.107	27.482.846

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор –
Басқарма мүшесі

Бас бухгалтер



9-49-беттердегі ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің
(аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін		30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін	
		2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)
Түсім	23	2.898.723	2.178.032	8.233.428	6.162.745
Мемлекеттік субсидиялар		12.956	11.767	31.945	22.811
		2.911.679	2.189.799	8.265.373	6.185.556
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	24	(2.216.105)	(1.595.503)	(6.134.722)	(4.692.622)
Жалпы пайда		695.574	594.296	2.130.651	1.492.934
Жалпы және әкімшілік шығыстар	25	(100.146)	(94.989)	(302.471)	(288.333)
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	26	(168.522)	(151.284)	(554.657)	(481.279)
Құнсызданудан болған шығын, нетто	27	(61.445)	(1.897)	(89.072)	(285.447)
Еншілес ұйымдардың шығынынан түскен пайда/(зиян)		242	-	(1.485)	(173)
Операциялық қызметтен түсетін пайда		365.703	346.126	1.182.966	437.702
Қаржылық шығындар	28	(134.563)	(144.428)	(403.212)	(453.757)
Қаржылық кіріс	29	57.275	35.592	117.891	131.915
Өзге де операциялық емес шығын		(13.864)	(38.315)	(29.945)	(61.786)
Өзге де операциялық емес кіріс		27.348	5.880	80.664	56.927
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	30	272.137	139.709	782.938	415.962
(Теріс)/оң бағамдық айырма, нетто		(9.081)	61.666	(10.585)	134.055
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		564.955	406.230	1.720.717	661.018
Табыс салығы бойынша шығындар	31	(107.877)	(69.936)	(335.454)	(155.160)
Кезеңдегі таза пайда		457.078	336.294	1.385.263	505.858
Мыналарға келетін кезеңдегі таза пайда/ (шығын)					
Бас компанияның акционеріне		392.168	290.601	1.201.599	509.260
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		64.910	45.693	183.664	(3.402)
		457.078	336.294	1.385.263	505.858

9-49-беттердегі ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін		30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін	
	2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы (аудит жүргізілмеген)
Салықтар шегерілген өзге де жиынтық кіріс				
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жататын өзге де жиынтық кіріс</i>				
Есептілік валютасын қайта есептеу	16.8	(32.372)	355.665	617.670
Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған пайда/(шығын)		155	950	(301)
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша пайда/(шығын)		1.721	(8.965)	(10.063)
Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін сату кезінде қайта бағалау бойынша резервті пайдаға немесе шығынға қайта жіктеу		(51)	(131)	(268)
Қауымдасқан және бірлескен компаниялардың өзге де жиынтық кірістегі үлесі	9	(136)	3.468	5.416
Өзге де жиынтық (шығын)/табыс құрамдастарының салық әсері		2.841	(26.909)	(46.790)
Келесі кезеңдерде кіріс немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жататын өзге де жиынтық (шығын)/пайда		(27.842)	324.078	565.664
<i>Келесі кезеңдерде кіріс немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жатпайтын өзге де жиынтық кіріс</i>				
Қауымдасқан және бірлескен компаниялардың өзге де жиынтық (шығынындағы)/кірісіндегі үлес	9	(21)	(43)	(139)
Белгіленген төлемдермен жоспарлар бойынша актуарлық (шығын)/кіріс		(339)	259	(941)
Өзге жиынтық шығын құрамдастарының салықтық әсері		79	-	43
Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта сыныптауға жатпайтын өзге де жиынтық (шығын)/кіріс		(281)	216	(1.037)
Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі өзге де жиынтық кіріс/(шығын)		(28.123)	324.294	66.608
Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы		428.955	660.588	1.451.871
Табыс салығын шегергендегі кезең ішіндегі жиынтық табыстың жалпы сомасы:				
Бас компанияның акционеріне		365.901	587.742	1.025.263
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		63.054	72.846	45.222
		428.955	660.588	1.451.871

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор
Басқарма мүшесі



Назира Нұрбаева

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

9-49-беттердегі ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

		Бас компания акционеріне тиесілі											
		Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестиция-ларды қайта бағалау резерві	Қосымша төленген капитал	Жарғылық капитал	Жарғылық капитал	Ескерт.	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Хеджирлеу резерві	Өзге де күрделі резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақылан-байтын қатысу үлесі	Жиыны
		Ескерт.	Жарғылық капитал	Жарғылық капитал	Жарғылық капитал	Ескерт.	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Хеджирлеу резерві	Өзге де күрделі резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақылан-байтын қатысу үлесі	Жиыны
2019 жылғы 31 желтоқсанға сальдо			5.229.112	17.303	29.354	1.319.406	(46.726)	(16.984)	6.176.856	12.708.321	1.634.632	14.342.953	
(аудит жүргізілген)													
Кезеңдегі таза пайда/(шығын)		-	-	-	-	-	-	-	-	509.260	(3.402)	505.858	
Кезеңдегі өзге де жиынтық (шығын)/кіріс		-	-	(464)	529.121	(11.545)	-	-	(1.109)	516.003	48.624	564.627	
Кезеңдегі жиынтық (шығын)/кіріс		-	-	(464)	529.121	(11.545)	-	-	508.151	1.025.263	45.222	1.070.485	
Акциялар шығару		28.731	-	-	-	-	-	-	-	-	-	28.731	
Дивидендтер		-	-	-	-	-	-	-	(120.000)	(120.000)	(63.688)	(183.688)	
Акционердің өзге де салымдары		-	(4.896)	-	-	-	-	-	626	(4.270)	-	(4.270)	
Акционермен жасалатын өзге де операциялар		-	-	-	-	-	-	-	-	8.245	-	8.245	
Акционерге өзге де бөлулер		-	-	-	-	-	-	-	(32.671)	(32.671)	-	(32.671)	
Активтерді Акционерге беру		-	-	-	-	-	-	-	(24.809)	(24.809)	-	(24.809)	
Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт		-	-	-	-	-	-	-	(18.743)	(18.743)	-	(18.743)	
Еншілес ұйымдардың шығуы		-	-	-	-	-	-	-	-	-	(14.040)	(14.040)	
Еншілес ұйымдардағы қатысу үлестерінің өзгеруі – бақыланбайтын қатысу үлесін сатып алу		-	-	(170)	74	(347)	-	-	25.174	(186)	59.492	84.570	
Капиталдағы өзге де өзгерістер		-	-	-	347	(347)	-	-	(186)	(186)	(22)	(208)	
2020 жылғы 30 қыркүйекке сальдо		5.257.843	12.407	28.720	1.848.948	(58.618)	(16.984)	6.522.643	13.594.959	1.661.596	15.256.555		
(аудит жүргізілмеген)													

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

		Бас компанияның акционеріне тиесілі									
Ескерт.	Жарғылық капитал	Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Хеджирлеу резерві	Өзге де күрделі резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жиыны	Жиыны	
2020 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудит жүргізілген)		5.258.657	31.464	1.763.499	(60.416)	(16.984)	6.502.544	13.478.764	1.672.851	15.151.615	
	Кезеңдегі таза пайда	-	-	-	-	-	1.201.599	1.201.599	183.664	1.385.263	
	Кезеңдегі өзге де жиынтық кіріс	-	503	54.566	4.770	271	60.110	6.498	66.608	66.608	
	Кезеңдегі жиынтық кіріс	-	503	54.566	4.770	-	1.201.870	1.261.709	190.162	1.451.871	
16.1	Акцияларды шығару	9.923	-	-	-	-	-	9.923	5.195	15.118	
16.2	Дивидендтер	-	-	-	-	-	-	-	(84.516)	(84.516)	
16.3	Акционермен өзге де операциялар	-	-	-	-	-	6.286	6.286	-	6.286	
16.4	Акционерге өзге де бөлу	-	-	-	-	-	(33.953)	(33.953)	-	(33.953)	
16.5	Активтерді Акционерге беру	-	-	-	-	-	(312)	(312)	-	(312)	
16.6	Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт	-	-	-	-	-	(113)	(113)	-	(113)	
	Еншілес ұйымдардың шығуы	-	-	-	-	-	-	-	1.225	1.225	
	Еншілес ұйымдардағы қатысу үлесінің өзгеруі – бақылауды жоғалтуға әкел соқпайтын қатысу үлесін сату	-	-	-	-	-	-	-	-	-	
16.7	Еншілес ұйымға қатысу үлесін кері сатып алу жөніндегі міндеттеме	-	-	-	-	-	206.443	206.443	35.274	241.717	
16.7	Қапталдағы өзге де өзгерістер	-	-	-	-	-	(140.387)	(140.387)	(46.050)	(186.437)	
2021 жылғы 30 қыркүйекке сальдо (аудит жүргізілмеген)		5.268.580	31.967	1.818.396	(55.977)	(16.984)	7.742.551	14.788.533	1.774.199	16.562.732	

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі

Бас бухгалтер



Назира Нұрбаева

Алмас Әбдірахманова

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескерт.	2021 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Сатып алушылардан түскен ақша түсімдері		8.800.680	6.644.975
Өнім берушілерге ақша төлемдері		(5.229.644)	(3.785.188)
Арбитраждық шешімге сай өнім берушілерден түсімдер	35	112.058	-
Жұмыскерлерге ақша төлемдері		(804.330)	(742.374)
Өзге де салықтар мен төлемдер		(1.227.314)	(934.955)
Қаржы құралдарымен операциялар (Қор және «Қазпошта» АҚ)		15.489	22.438
Қысқа мерзімді жалдау бойынша төлемдер және ауыспалы жалдау төлемдері		(30.894)	(54.693)
Қаржылық міндеттемелер бойынша сыйлықақы мөлшерлемесін субсидиялаудан түскен түсімдер		-	14.592
Өзге де төлемдер		(55.413)	(84.069)
Бюджеттен ҚҚС-ты қайтару		134.602	104.466
Төленген табыс салығы		(171.073)	(126.811)
Төленген пайыздар		(363.444)	(334.016)
Алынған пайыздар		65.856	114.897
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі		1.246.573	839.262
Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары			
Банк депозиттерін (орналастыру)/қайтару, нетто		(347.527)	166.888
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды (сатып алу)/сату, нетто		173	29.418
Иелік ету үлесін өзгертпестен бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың жарғылық капиталына салымдар	9	(1.925)	(14.251)
Сатып алынған еншілес ұйымдардың ақшалай қаражатын шегергенде еншілес ұйымдарды сатып алу		89	(26.499)
Негізгі құралдарды, барлау және бағалау жөніндегі активтерді және өзге де ұзақ мерзімді активтерді сатып алу		(857.540)	(706.523)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(18.183)	(10.253)
Шыққан компаниялардың ақшалай қаражаты шегерілген еншілес ұйымдарды сатудан түскен түсімдер		3.998	11.643
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	9	248.090	132.000
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсімдер		31.643	8.625
Өзге де ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсімдер		42.531	14.637
Қарыздар беру		(13.807)	(3.864)
Берілген қарыздарды өтеу		15.346	18.758
Борыштық құралдарды сатып алу		(336.379)	(114.834)
Борыштық құралдарды сатудан түскен түсімдер		239.628	33.744
Қарыздарды өтеу үшін ақша қаражатын резервтеу	17	(32.799)	-
Өзге де түсімдер		73.841	23.684
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуды		(952.821)	(436.827)

9-49-беттердегі ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)**

<i>Миллион теңгемен</i>		2021 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*
	Ескерт.		
Қаржы қызметінен түсетін ақша ағындары			
Қарыздар бойынша түсімдер	17	629.136	981.992
Қарыздарды өтеу	16.5, 17	(573.759)	(936.717)
Еншілес ұйымның өз акцияларын сатып алуы		-	(212)
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	20	(90.129)	(65.767)
Бас компания Акционерінің жарғылық капиталына жасаған жарналар	16.1	9.923	26.000
Бақыланбайтын қатысу үлесінің жарғылық капиталға жасаған жарналары		228	-
Акционерге бөлу		(58.361)	(37.393)
Еншілес ұйымдардағы бақыланбайтын қатысу үлестеріне төленген дивидендтер	16.2	(83.816)	(63.596)
Акционерге төленген дивидендтер		-	(120.000)
Бақылауды жоғалтуға әкеп соқпайтын қатысу үлесін сату	16.7	185.858	83.944
Облигациялардың мерзімінен бұрын өтелуі үшін сыйлықақы		-	(24.221)
Өзге де төлемдер		(196)	(3.564)
Қаржылық қызметтен болған ақша қаражатының таза түсуі/(жұмсалуды)		18.884	(159.534)
Ақша қаражаты және оның баламаларының таза көбеюі		312.636	242.901
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты және оның баламаларына әсері			
Сатуға арналған активтерге қайта топталған еншілес ұйымдардың ақша қаражатындағы өзгеріс		721	440
Күтілетін кредиттік шығын резервіндегі өзгеріс		(426)	390
Кезең басындағы ақша қаражаты және оның баламалары		2.227.669	1.993.962
Кезең соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары	15	2.553.879	2.426.638

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2020 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз ай үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар туралы ақпарат 2-ескертпеде келтірілген жүргізілген түзетулерді көрсетеді.

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор –
Басқарма мүшесі



Назира Нұрбаева

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

9-49-беттердегі ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген)

2021 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша осы күнге аяқталған үш және тоғыз ай үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Корпоративтік ақпарат

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қор» немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы қаулысына сәйкес 2008 жылғы 3 қарашада құрылды. Құрылу «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қазына») мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамын (бұдан әрі – «Самұрық») біріктіру және Мемлекеттің Қорға Қазақстан Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі – «Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір кәсіпорындардағы өзінің қатысу үлесін қосымша беру жолымен жүзеге асырылды. Үкімет Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі – «Акционер») болып табылады.

Осы қайта ұйымдастыру кезіндегі Үкіметтің негізгі мақсаты Үкіметтің тиісті бағдарламаларында белгіленген олардың стратегиялық міндеттерін табысты орындау мақсатында Қордың еншілес ұйымдарындағы менеджменттің тиімділігін арттыру және ұйымдық құрылымдарды оңтайландыру болып табылады.

Қор 32-ескерптеде санамаланған бірқатар компанияларды біріктіретін холдинг (бұдан әрі – «Топ») болып табылады. 2012 жылғы 1 ақпанға дейін Қордың қызметі «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы № 134-4 Заңымен реттелді және ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге; экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға; Топ компаниялары қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталды. 2012 жылғы 1 ақпанда «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының № 550-4 Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Топқа кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Топтың активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға шоғырлануы тиіс.

Басқарушылық мақсаттар үшін топтың қызметі өндірілетін өнім түріне және көрсетілетін қызмет түріне сәйкес 8 (сегіз) операциялық сегменттерге бөлінеді (36-ескерпте):

- мұнай-газ сегменті мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай мен газды тасымалдау, шикі мұнайды, газды және қайта өңдеу өнімдерін өңдеу және сату жөніндегі операцияларды қамтиды;
- тасымалдау сегменті жүктер мен жолаушыларды темір жол және әуе тасымалы жөніндегі операцияларды қамтиды;
- коммуникация сегменті жергілікті, қалааралық және халықаралық байланысты (ТМД-ға кіретін және кірмейтін елдерді қоса алғанда) қоса алғанда, тіркелген байланыс қызметтері бойынша операцияларды, сондай-ақ байланыс арналарын жалдау, деректерді беру және сымсыз байланыс қызметтерін қамтиды;
- энергетикалық сегмент электр энергиясын өндіру және беру жөніндегі, электр энергиясын электр энергетикасы жүйесіне жіберуді техникалық диспетчерлендіру және импортталатын электр энергиясын тұтыну жөніндегі операцияларды, Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің объектілерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару функцияларын қамтиды;
- тау-кен өндіру сегменті минералдық ресурстарды барлау, өндіру, қайта өңдеу және сату және геологиялық барлау жөніндегі операцияларды қамтиды;
- өнеркәсіптік сегмент химия саласын дамыту жөніндегі кәсіпорындарды қамтиды;
- Корпоративтік орталық сегменті Қордың инвестициялық және қаржылық операцияларын, оның ішінде байланысты және бөгде ұйымдарға қарыздар беруді қамтиды;
- өзгелер сегменті тұрғын үй құрылысына инвестициялау арқылы халық үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруға мемлекетке жәрдемдесу жөніндегі операцияларды және өзге де операцияларды қамтиды.

Қордың тіркелген кеңсесі мына мекенжайда орналасқан: Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Сығанақ к-сі, 17/10-құрылыс, Қазақстан Республикасы.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға 2021 жылғы 30 қарашада Қордың экономика және қаржы жөніндегі Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі және Бас бухгалтері бекітті.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ**

2021 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік № 34 «Аралық қаржылық есептілік» бухгалтерлік есептің халықаралық стандартына («БЕХС 34») сәйкес дайындалды. Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін талап етілетін барлық ақпарат пен ашып көрсетулерді қамтымайды және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге қаралуы тиіс.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен берілген және арнайы шарттасқан жағдайларды қоспағанда, ақша сомалары миллион теңгеге дейін дөңгелектелген.

Салыстырмалы ақпаратқа әсер ететін түзетулер

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті ұсынудағы өзгерістер

2020 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептегі кейбір сомалар 2020 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қабылданған ұсынымға сәйкес жеке жолдарға қайта жіктелген. Топ өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ұсынуды өзгертті, өйткені жаңа ұсыну шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін барынша өзекті ақпаратты ұсынады.

Қайта жіктеудің 2020 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке әсері:

<i>Миллион теңгемен</i>	2020 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айда (бастапқыда ұсынылғандай)	Ақша ағындарын қайта жіктеу	2020 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін (қайта есептелген)
Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары			
Иелік ету үлесін өзгертпестен бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың жарғылық капиталына салымдар	-	(14.251)	(14.251)
Борыштық құралдарды сатудан түскен түсімдер	-	33.744	33.744
Өзге де түсімдер	43.177	(19.493)	23.684
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуды	(436.827)	-	(436.827)

Шетел валютасын қайта есептеу

Функционалдық валюта және білдіру валютасы

Топтың 2021 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз ай үшін осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі – «функционалдық валюта»).

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен көрсетілген, әрі ол Топтың есептілігін ұсыну валютасы болып табылады.

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетел валютасындағы операциялар операция жүзеге асырылған күнгі валюта бағамдарын пайдалана отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі.

Осындай операциялар бойынша есеп айырысу нәтижесінде және жыл соңындағы бағамдар бойынша шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден туындайтын бағамдық айырмадан кірістер мен шығындар пайдалар мен шығындарда танылады.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)***Операциялар және шоттар сальдосы (жалғасы)*

Тарихи құнның негізінде шетел валютасымен бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетел валютасымен бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Топтың шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларын хеджирлеудің бір бөлігі ретінде айқындалған монетарлық баптарды қоспағанда, монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар пайданың немесе шығынның құрамында танылады. Осы баптар пайда немесе шығын құрамына Инвестициялар шығарылған сәтте жинақталған соманы қайта сыныптай отырып, таза инвестициялар шығарылғанға дейінгі өзге де жиынтық табыстың құрамында танылады. Осы монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға жататын салық алымдары да өзге жиынтық табыстың құрамында танылады.

Топ кәсіпорындары

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістері, шығыстары және қаржылық жағдайы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- ұсынылған бухгалтерлік баланстардың әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есептік күнгі бағамдар бойынша қайта есептеледі;
- жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар кезеңдегі орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан Қор Биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

Мына кестеде шетелдік валютаның теңгеге айырбастау бағамы ұсынылған:

	2021 жылғы 30 қыркүйекте тоғыз ай үшін орташа алынған бағам	2020 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған орташа алынған бағам	2020 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін орташа алынған бағам	2021 жылғы 30 қараша
АҚШ доллары	425,7	420,91	424,7	409,23	434,16
Еуро	493,63	516,79	508,08	460,04	493,29
Ресей рублі	5,85	5,62	5,74	5,78	5,81

COVID-19 (коронавирус) пандемиясының ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде COVID-19-дың әсері және қазіргі экономикалық жағдай ескерілді. Топ осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қызметтің үздіксіздігі қағидатын ұстануды үзген жоқ.

Топтың маңызды есептік бағалаулары мен пайымдаулары 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылып көрсетілді. 2021 жылғы 30 қыркүйекте Топ талдау жүргізді және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікте қолданылған және ашылған бағалау мен пайымдау қолданылатын болып қала береді деген қорытындыға келді. Ешқандай жаңа елеулі бухгалтерлік пайымдаулар немесе бағалаулар анықталмады.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Энергия жасайтын активтер және газды барлау әрі өндіру активтері

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топ басшылығы «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС (бұдан әрі – «ЕМАЭС-1»), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «АЖК»), «Алматы Электр Станциялары» АҚ (бұдан әрі – АлЭС), «Тегіс Мұнай» ЖШС (бұдан әрі – «ТМ») және «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ (бұдан әрі – «ЕМАЭС-2») еншілес компаниялардың негізгі құралдарының құнсыздануына талдау жүргізді, ол 36 «Активтердің құнсыздануы» ҚЕХС-ке (IAS) сай жасалды.

Құнсыздану белгілерін талдау кезінде пайдаланылған негізгі фактілер мен жорамалдар мыналар болып табылады:

- есепті кезеңде еншілес компаниялардың экономикалық тиімділігінде жағымсыз өзгерістердің болмауы;
- кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелер мен инфляцияның ұзақ мерзімді мөлшерлемесіндегі өзгерістер елеулі болып табылмайды;
- еншілес компаниялар үшін кезең ішінде орын алған немесе жақын болашақта болжамды орын алуы мүмкін қолайсыз салдары бар едәуір өзгерістердің болмауы;
- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймағында электр энергиясына сұраныстың орта мерзімді перспективадағы болжамды өсім;
- ҚР Энергетика министрінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 108 бұйрығына сәйкес 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап Топтардың барлық энергия өндіруші ұйымдары (бұдан әрі – «ЭӨҰ») үшін пайда нормасын айқындау әдістемесі шеңберінде рентабельділік нормасын ескере отырып, ЭӨҰ үшін электр энергиясына шекті тарифтерді ұлғайту;
- 2021 жылғы 1 шілдеден бастап жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі – «ЖЭК») пайдалануды қолдауға «өтпелі» үстемеақы тетігін енгізу бөлігінде электр энергетикасы саласындағы заңнамаға оң өзгерістер, ол ЭӨҰ-нің ЖЭК электр энергиясын сатып алу шығыстарының өтелуін қамтамасыз етеді;
- халықаралық талдау агенттіктерінің деректеріне сай бес жылдық кезеңге Brent маркалы мұнайға бағаның оң болжамы.

ЕМАЭС-1 бойынша құнсыздану белгілерін талдау кезінде пайдаланылған қосымша фактілер мен жорамалдар:

- 2021 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша қызметтің негізгі операциялық және қаржылық көрсеткіштері бойынша жоспарды асыра орындау;
- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймағындағы электр энергиясына сұраныстың орта мерзімді перспективада болжамды өсуі, сондай-ақ жеті иінді режимдегі жұмыс және қолда бар қуат есебінен электр энергиясын өткізу көлемінің болжамды ұлғаюы;
- ҚР Энергетика министрлігімен инвестициялық келісім жасалды және «Жаңа электр сүзгілерін орната отырып № 1 энергоблокты қалпына келтіру» инвестициялық жобаның іске асырылуын аяқтау үшін тартылатын қарыз қаражатының жыл сайын қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында 2025 жылдан бастап электр қуатының әзірлігін қолдау қызметтеріне дербес тариф белгіленді;
- электр энергиясын жіберу тарифінің едәуір ұлғаюы – 2021 жылғы 1 сәуірден бастап 5,80 теңге/кВтс-тан 7,25 теңге/кВтс-қа дейін және 2021 жылғы 1 шілдеден бастап 7,47 теңге/кВтс-қа дейін.

ЕМАЭС-2 бойынша құнсыздану белгілерін талдау кезінде пайдаланылған қосымша фактілер мен жорамалдар:

- 2021 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша қызметтің негізгі операциялық және қаржылық көрсеткіштері бойынша жоспарды асыра орындау;
- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймағында электр энергиясына сұраныстың орта мерзімді перспективада болжамды өсуі, сондай-ақ 2026 жылдан бастап № 3 энергия блогын пайдалануға енгізу есебінен электр энергиясын өткізу көлемінің болжамды ұлғаюы;
- электр энергиясын жіберу тарифінің едәуір ұлғаюы – 2021 жылғы 1 сәуірден бастап 9,13 теңге/кВтс-тан 9,69 теңге/кВтс-қа дейін және 2021 жылғы 1 шілдеден бастап 10,16 теңге/кВтс-қа дейін.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Энергия жасайтын активтер және газды барлау әрі өндіру активтері (жалғасы)

Құнсыздандудың сыртқы және ішкі белгілеріне жасалған талдаудың нәтижесінде Топ басшылығы талдау жасау күніне құнсызданду белгілері жоқ деген тұжырымға келді. Тиісінше Топ басшылығы 2021 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша бұл еншілес компаниялардың негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздандуына тест өткізбеу шешімін қабылдады. 2021 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Басшылық құнсызданду белгілеріне жасалған талдау нәтижелеріне теріс әсер ететін оқиғалар болған жоқ деп есептейді.

Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту

ҚР Президентінің атмосфераға шығарындыларды барынша азайту үшін шараларды қолға алу туралы тапсырмасын орындау мақсатында Топ жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – «ТЭН») әзірлеуде. Жобаның бірінші кезеңінде қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып Алматы ЖЭО-2-ні жаңғыртудың төрт нұсқасы қарастырылды: жұмыс істеп тұрған қазандықтарды газды жағуға аудару, газды тазартатын жабдықты орната отырып жұмыс істеп тұрған қазандықтарды қайта құру, бу-газды қондырғыларды сала отырып және табиғи газға өтпестен газды тазартатын қосымша жабдықты орната отырып ЖЭО-2-ні кеңейту және газбен жұмыс істейтін жаңа станцияны салу.

2020 жылы сату құны мен қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарындыларын салыстыру нәтижесінде жұмыс істеп тұрған қазандықтарды газды жағуға ауыстыра отырып оларды қайта құрудың бірінші нұсқасы таңдалды. 2021 жылы осы нұсқа бойынша «Мемсараптама» РМҚ-ның теріс қорытындысы алынды.

2021 жылғы 31 мамырда Премьер-Министр А.Ұ. Мамин бастаған ҚР Үкіметі Алматы ЖЭО-2 алаңында қуаты 600 МВт болатын бу-газды қондырғыны (бұдан әрі – «БГҚ») салу жөніндегі ұсынысты мақұлдады. Кешенді ведомстводан тыс сараптама бойынша қорытындыны ала отырып жобаның ТЭН-ін түзету мерзімі 2021 жылдың соңына дейін белгіленді.

Сондай-ақ Премьер-Министр «Самұрық-Энерго» АҚ-ға ҚР Энергетика министрлігімен бірлесіп белгіленген тәртіппен Алматы ЖЭО-2 алаңында БГҚ салу жобасын қаржыландыру үшін банк қарызын тарту жұмысын жалғастыруды, оның ішінде газ инфрақұрылымын тартуды тапсырды.

Экологиялық жағдайды және электр қуаты нарығы бойынша заңнаманың қолданыстағы шектеулерін ескере отырып, Парламент Мәжілісінің депутаттары 2021 жылғы 14 қыркүйекте отынның баламалы түрі ретінде газды пайдалана отырып, өндіретін қондырғыларды салуды жаңғырту, қайта құру және (немесе) кеңейту жөніндегі жобаларды іске асыру инвестицияларын қайтару тетігін көздейтін «*Электр энергетикасы туралы*» және «*Табиғи монополиялар туралы*» ҚР заңдарына түзетулер енгізуге бастамашылық жасады. Қазіргі уақытта Парламент Мәжілісі депутаттары бастамашылық еткен түзетулер 2021 жылғы желтоқсанда ҚР Парламенті Мәжілісіне жіберу жоспарланып отырған қорытындыны дайындау мақсатында Үкіметтің қарауында жатыр.

Заңнамаға өзгерістер енгізу Топқа қарыз қаражатын қайтаруды және электр қуаты нарығының тетігі есебінен болашақта инвестицияның өтелуін қамтамасыз етеді.

Жоғарыда баяндалғанды негізге ала отырып, қазіргі уақытта жобаны іске асырудың толыққанды жоспары жоқ, сондай-ақ мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы бар ТЭН-нің болмауына байланысты қаржыландыру көздері мен заңнамалық базаны өзгерту айқындалмаған.

Сондай-ақ БГҚ салынған жағдайда ЖЭО-2-нің негізгі құралдарының 50 пайыздан астамы пайдалануда қалады, ал қалған негізгі құралдар, мысалы, қазандықтың, турбиналық және отын-көлік цехының технологиялық жабдықтары газбен жабдықтауда іркілістер болған немесе ұзақ жөндеу салдарынан БГҚ жұмысын тоқтатқан жағдайда резервте болады.

ЖЭО-2 қолданыстағы активтерін ұстау бойынша шығыстар ағымдағы шығыстарға жатқызылады және электр энергиясына тариф есебінен өтелетін болады.

2021 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша ЖЭО-2-нің баланстық құны шамамен 50 миллиард теңгені құрайды.

Талдау нәтижесінде Топ басшылығы талдау жүргізілген күні негізгі құралдардың құнсызданду белгілері жоқ деген қорытындыға келді. 2021 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша басшылық жүргізілген талдау нәтижелеріне теріс әсер еткен оқиғалар болған жоқ деп санайды.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Энергия жасайтын активтер және газды барлау әрі өндіру активтері (жалғасы)

Газды өндіруді бастау мерзімдері – Тегіс Мұнай

Табиғи газдың өндірісі 2024 жылы басталады деп болжануда және газ өндірісінің 65%-ы жыл сайын, 2024 жылдан бастап экспортқа жіберіледі деп жоспарлануда. Газ өндіруді бастау мерзімдерін ауыстыру келісімшарттық аумақтың Оңтүстік Қазақстанның мемлекеттік қорықтық аймағына кіретіндігімен байланысты болды, онда аумақты қорық аймағының құрамынан шығарғанға дейін кен орнын жайластыру және әзірлеу жұмыстарын жүргізуге тыйым салынған. Қазіргі уақытта уәкілетті мемлекеттік мекемелер келісімшарттық аумақтың шығарылуын ескере отырып, қорық аймағының шекарасын кеңейту жұмысы жүргізілуде.

Осыған байланысты Тегіс Мұнай ҚР Энергетика министрлігіне (бұдан әрі – «ҚР ЭМ») өндіру кезеңінің басталуын ұзарту, газ өндіру үшін кен орнын жайластыру, жұмыс бағдарламасының орындалу мерзімін және келісімшарттың қолданылу мерзімін ауыстыру қажеттілігі туралы сұрақпен жүгінді, өйткені келісімшарттық аумақты шығару туралы мәселе аяқталған жоқ.

2020 жылғы қыркүйекте ҚР ЭМ жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясы қаржыландыру бойынша міндеттемелерді ауыстыру туралы шешім қабылдады – оқыту; – ҒЗТҚЖ; – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, бұл ретте жер қойнауын пайдалану келісімшарты бойынша инвестициялық міндеттемелер бойынша жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізу бөлігінде бас тарту берілді, оның негізінде 2020 жылғы 28 желтоқсанда Келісімшарттың № 1 қосымшасына келісімге қол қойылды.

2020 жылғы 3 желтоқсанда Тегіс Мұнай ҚР Жоғарғы сотына ҚР ЭМ-нің жер қойнауын пайдалану келісімшарты бойынша инвестициялық міндеттемелер жөніндегі жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізу бөлігіндегі бас тартуды заңсыз деп тану туралы өтінішті жолдады. 2020 жылғы 30 желтоқсанда Тегіс Мұнай «Атамекен» ҰКП құрамына кіретін «Қазақстанның Сыртқы сауда палатасы» ЖШС-дан Тегіс Мұнай келісімшарттық аумақ қорық аймағынан шығарылғанға дейін жер қойнауын пайдалану келісімшарты бойынша міндеттемелерді орындай алмайтындығын және жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жасай алмайтындығын растайтын еңсерілмейтін күш жағдайларының орын алуы туралы куәлікті алды. Еңсерілмейтін күш жағдайлары келісімшарттық аумақ қорық аймағынан шығарылғанға дейін қолданылады.

2021 жылғы қаңтарда ҚР ЭМ-ге еңсерілмейтін күш жағдайын тану туралы жоғарыда аталған куәлікті қоса бере отырып жолдау жіберілді. 2021 жылғы маусымда ҚР ЭМ сараптамалық комиссияның қорытындылары бойынша бұл мәселенің энергетика министрлігінің құзырына жатпайтындығына орай, еңсерілмейтін күш жағдайларын тану туралы мәселені қарастырмай қалдырды.

2021 жылғы жұмыс бағдарламасы міндеттемелерінің орындалмауына орай Тегіс Мұнайға 466,5 миллион теңге мөлшерінде айыппұл салу болжануда. Алайда Тегіс Мұнай басшылығы айыппұлдың төлену тәуекелі орташадан төмен деп есептейді, өйткені жұмыс бағдарламасы міндеттемелерінің орындалмауы еңсерілмейтін күш жағдайларымен байланысты және Тегіс Мұнайдың іс-қимылына тәуелді емес деп есептейді.

2021 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша басшылық жүргізілген талдау нәтижелеріне теріс әсер еткен оқиғалар болған жоқ деп санайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2021 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген қандай-да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді және түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

Кейбір түзетулер мен түсіндірулер алғаш рет 2021 жылы қолданылған, бірақ олар Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді:

«Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы – 2-кезең» – 9 ҚЕХС-ке (IFRS), 39 ҚЕХС-ке (IAS), 7 ҚЕХС-ке (IFRS), 4 ҚЕХС-ке (IFRS) және 16 ҚЕХС-ке (IFRS) түзетулер

Түзетулер ұсыныстың банкаралық мөлшерлемесі (IBOR) баламалы іс жүзіндегі тәуекелсіз пайызсыз мөлшерлемеге ауыстырылған жағдайларда қаржылық есептілік үшін болатын салдарды түзету үшін қолданылатын уақытша босатуларды білдіреді. Түзетулер мыналарды көздейді:

- практикалық сипаттағы жеңілдетуді, соған сай реформамен тікелей талап етілетін шарттың өзгеруі немесе ақша ағындарының өзгеруі нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне баламалы болатын құбылмалы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі ретінде қарастырылуы тиіс;
- хеджирлеу ара қатынастарының анықтамасына және хеджирлеу ара қатынастарын тоқтатпастан хеджирлеу жөніндегі құжаттамаға IBOR реформасымен талап етілетін өзгерістерді енгізуге жол беріледі;
- тәуекелсіз мөлшерлемесі бар құрал ұйымның қалауы бойынша хеджирлеу қатынастары шеңберінде тәуекелдік компонент ретінде айқындалған жағдайларда ұйымдарға жеке сәйкестендірілетін компоненттерге қатысты талаптарды сақтау қажеттілігінен уақытша босату беріледі.

Осы түзетулер Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Топ, егер бұл қажет болса, келешек кезеңдерде практикалық сипаттағы жеңілдіктерді қолдануға ниетті.

4. ҚЫЗМЕТТІҢ МАУСЫМДЫ СИПАТЫ

Топтың операциялық шығындары маусымдық құбылуларға ұшырағыш келеді. Бұл ретте материалдарға, өндірістік қызметтерге, техникалық қызмет көрсетуге және басқа да қызметтерге барынша жоғары шығындар алғашқы алты айда емес, әдетте екінші жартыжылдықта күтіледі. Мұндай құбылулар, негізінен, екінші жарты жылдықтың ішінде тауарлар мен қызметтерді сатып алу үшін алғашқы жарты жылдықтың ішінде ресми ашық тендерлерді өткізу талаптарынан туындаған.

5. ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУЛАР ЖӘНЕ АКЦИОНЕРГЕ САТУҒА НЕМЕСЕ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН РЕТІНДЕ ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕР

Есептен шығару

«Шығысмашзауыты» АҚ

2020 жылғы 30 желтоқсанда Топ «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС еншілес ұйымы арқылы үшінші тараппен «Шығысмашзауыты» АҚ акцияларын сату бойынша сатып алу-сату шартын жасады. Топ 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Шығысмашзауыты» АҚ-ның активтері мен міндеттемелерін сату шығыстарын шегере отырып баланстық және әділ құнның ең азы бойынша сатуға арналған есептен шығарылатын топ құрамында жіктеді. 2021 жылғы 8 қаңтарда Топ акцияларды сату мәмілесін аяқтады және нәтижесінде бұл еншілес ұйымды бақылаудан айырылып қалды.

Есептен шығару күніне «Шығысмашзауыты» АҚ-ның жеке есептілігіндегі активтер мен міндеттемелер тиісінше 6.656 миллион теңге және 9.980 миллион теңге болды.

Еншілес ұйымның есептен шығу нәтижесі былайша берілген:

Миллион теңгемен

Бұрын алынған аванс	100
Есептен шығарылған таза міндеттемелер	3.324
Есептен шығарылған бақыланбайтын акционерлердің үлестері	(849)
Алынуға жататын қарыздардың әділ құнына дейін және бұрынғы еншілес кәсіпорыннан қалған дебиторлық берешекті түзету	(2.575)
«Шығысмашзауыты» АҚ-ның есептен шығарылу нәтижесі	-

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****5. ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУЛАР ЖӘНЕ АКЦИОНЕРГЕ САТУҒА НЕМЕСЕ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН
РЕТІНДЕ ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕР (жалғасы)****Есептен шығарулар (жалғасы)***«Шығысмашзауыты» АҚ (жалғасы)*

Есептен шығарылу күнгі жағдай бойынша «Шығысмашзауыты» АҚ-ның Топ алдында 5.529 миллион теңге және тиісінше 938 миллион теңге баланстық құнымен қарыздар бойынша берешегі және сауда кредиторлық берешегі болды. «Шығысмашзауыты» АҚ-дағы үлесті сатып алу мәмілесінің шеңберінде сатып алушы бұл берешектің өтелуіне кепілдігін берді. Осыған орай есептен шығарудың нәтижесінде Топ 3.251 миллион теңге және тиісінше 641 миллион теңге мөлшерінде алынуға жататын қарыздар мен дебиторлық берешекті олардың әділ құны бойынша таныды, жоғарыдағы салыстыруда әділ құнына дейін түзетуді көрсетті.

Нәтижесінде 2021 жылы еншілес кәсіпорынның есептен шығарылуы қаржы нәтижесіне әсерін тигізбеді.

Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған ретінде жіктелген активтер

Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған ретінде жіктелген активтер былайша берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	Сегмент	2021 жылғы 30 қыркүйек (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер		49.612	61.360
Акционерге бөлуге арналған ретінде жіктелген активтер, оның ішінде:		104	427
«КОРЭМ» АҚ	Энергетика	-	323
Өзге		104	104
		49.716	61.787

Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер былайша берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	Сегмент	2021 жылғы 30 қыркүйек (аудит жүргізілмеген)	2020 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер		2.392	4.814
Акционерге бөлуге арналған ретінде жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер, оның ішінде:		-	22
«КОРЭМ» АҚ	Энергетика	-	22
		2.392	4.836

2021 жылғы 14 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 17 наурыздағы Қаулысына сәйкес Топ «КОРЭМ» АҚ-ның акцияларын «ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ-нің пайдасына берді. «КОРЭМ» АҚ-ның таза активтерінің сомасы 312 миллион теңге болды (16-ескертуге).

2021 жылғы наурызда Топ 2020 жылы сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударылған «Қорқыт ата» компрессорлық станцияны 42.886 миллион теңгеге сатты, олардың 2021 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша 40.742 миллион теңгесі төленді.

2021 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топ сатуға арналған активтерге 49.854 миллион теңге жалпы сомаға, негізінен 40.378 миллион теңге сомаға «Арал» компрессорлық станциялармен, 1.881 миллион теңге сомаға «Бүркіт» өзін-өзі көтеретін жүзетін бұрғылау қондырғыларымен және «Технологиялық көлік және ұнғымаларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС-ның 5.009 миллион теңге сомаға негізгі құралдарымен білдірілген негізгі құралдарды аударды.

